

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

Алматы

№4 (10)

2011

Ғылыми-ақпараттық әдеби журнал 2010 жылдан бері екі айда бір шығады. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп (24.12.2009), № 10586-Ж куәлігі берілген

(ЮНЕСКО, Франция, Париж қ.) сериялық басылымдарды тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында тіркелген және халықаралық номер берілген

Бас редактор
Дәдебаев Ж.Д.

Редакциялық кеңес

Абдуалиев А., Акматалиев А.А. (Қырғызстан), Аманшаев Е.А., Әбдезұлы Қ., Әбдиманұлы Ө., Әмірбеков Ш.А., Бактыкереева Ү.М. (Россия), Бисенбаев П.Қ. (*ғылыми редактор*), Ғайыпов З.С., Есембеков Т., Есім Ғ., Жақсылықов А.Ж., Кәкішев Т.К., Қамзабекұлы Д., Мадиева Г.Б., Момынова Б., Мырзахметов М., Нұралиев А. (Тәжікстан), Омаров Б.Ж., Чабаноғлы О. (Түркия), Шәріп А.Ж., Ысқақұлы С. (Қытай).

Редакциялық алқа

Адаева Е.С., Ахмедьяров К.К., Әбдікова Қ.Т., Бектурова Э.Қ., Кәрібаев Б.Б., Малдыбай А.Д., Мәмбетов Ж., Медеубек С., Мұсалы Л.Ж., Сағындық Н., Таева Р.М., Тарақ Ә.С.

Жауапты хатшы

Дәуітова Г.Р.

Құрылтайшы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шығарушы

Абай институты

Редакция мен шығарушының мекен-жайы

Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институты.
E-mail: Abai_instkaznu@mail.ru

ИБ № 5650

Басуға 24.08.2011 ж. жіберілді.
Пішімі 70x110 1/16. Тапсырыс № 187.
Көлемі 8,33 б.т. Таралымы 500.
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды
Мақала авторларының пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

АБАЙТАНУ

Дәдебаев Ж. Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен мағына поэтикасы 3

Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейбіріне лексика-семантикалық талдау 11

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНАН

Сейфуллин С. Ибраһим Құнанбайұлы (Абай) (1845-1904 жж.) 17

Ысмайлы Е., Шашкин З. Абайдың поэтикасы 20

Смағұлов Ж. Абайтану Әлиханнан басталады 34

Искакулы К. Жизнь Абая (Ибрагим) Кунанбаева 38

СӨЗ ӨНЕРІ

Сейтжанов З. Сегіз қырлы 44

Егембердиева Б. Сарбастың ақындығы туралы 51
Лұқман Хакімнің даналығы 54

ТІЛ БІЛІМІ

Смағұлова Г. Сөйлеу мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері 67

АУДАРМА ЖӘНЕ ӘДЕБИ КОМПАРАТИВИСТИКА

Мартин Лютер. Послание о переводе (открытое письмо) 71

ҚОҒАМТАНУ

Кәрібаев Б. Т.И. Сұлтанов және Қазақ хандығы құрылуының мәселелері 79

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Дәдебаев Ж. Әлішер Науаи 84

ЖАС ҚАЛАМ

Mukambetkaliev K. Star Nights 91

Карканова А. Воспроизведение национальной картины мира на основе реалий в романе-эпопее М.О. Ауэзова «Путь Абая» 95

Жусупова А. Творчество Стивена Кинга и его рецепция 98

С Ы Н Ж Ә Н Е Б И Б Л И О Г Р А Ф И Я

Ж. Дәдебаев

ӘЛІШЕР НАУАИ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Ә.Науаидың өмірі мен шығармашылығы. Ақынның шығу тегі мен мінезі. Науаидің сөз өнері, тіл мен әдебиет туралы ойлары. Түркі тілінің сөз байлығы. Түркі және парсы тілдері. Науаидың тіл, өлең туралы трактаттары. Тірек сөздер: Науаи, өмірі, шығармашылығы, әдебиет, тіл байлығы, түркі тілі, парсы тілі.

Ж. Дәдебаев

АЛИШЕР НАУАИ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Жизнь и творчество А.Науаи. Социальное происхождение и нрав поэта. Рассуждения Науаи об искусстве слова, языке и литературе. Особенности словообразования в тюркском языке. Богатство тюркского языка. Тюркский и персидский языки. Трактат Науаи о двух языков. Ключевые слова: Науаи, жизнь, творчество, литература, богатство языка, тюркский, персидский языки.

Zh. Dadebaev

ALISHER NAUAI

Abstract. The issues dealt in this article. Life and work of A.Nauai. Social origin and disposition of poet. Disserting of Nauai upon the art of word, language and literature. Features of word-formation are in a turkic language. Riches of turkic language. Turkic and Persian languages. Treatise of Nauai about two languages. Keywords: Nauai, life, work, literature, riches of language, turkic, Persian languages.

Ақын әрі ғалым, суретші әрі сазгер, мемлекет және қоғам қайраткері, заманының зиялысы Әлішер Науаидың (1441-1501) дүниеге келгеніне 2011 жылы 570 толды. Тарихи тұрғыдан қарағанда, Әлішер Науаи өз дәуірінің жан-жақты дамыған, өнер мен ғылымның басты салаларында бірдей еңбек еткен және сол салалардың әрқайсысында керемет жетістіктерге жеткен, ақындығы, хәкімдігі, әкімдігі тең түскен кемел тұлғасы еді. Ол парсы тілі, парсы мәдениеті белең алып тұрған ортада өмір кешкеніне қарамастан, өзінің шығармаларын, еңбектерін ана тілінде – түркі тілінде – жазды. Бұл түркі әлемі үшін барынша қымбат қазына, ұлы жетістік болды.

Ақын шығармаларының жиырма томдығы жарық көрді [1]. Орыс тіліне аударылып басылған шығармалары да аз емес [2]. Тіл білімі, сөз өнерінің теориясы туралы трактаттарының, зерттеулерінің орыс тіліне аударылып, жарық

көруі де науаитану ғылымындағы елеулі жетістік болды [3].

Науаидың замандастары, тарихи ұлы тұлғалар Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат оның осы жетістіктеріне жоғары баға берді. Әлішер бек түркі тілінде өлең жаза бастағаннан бері ол сияқты ешкім де соншалық жақсы әрі көп өлең жазбағанын, оның теңдесі жоқ дарынды адам екенін [4, 184; 5, 179; 6, 254] Бабыр мен Мырза Мұхаммед Хайдар ілтифатпен айтты. Әлішердің төрт жинақтан тұратын өлеңдері мен ғазалдарынан таңдаулыларын іріктеп, оларды өлшемдеріне сай топтастырғаны [4, 250] Бабырдың оған деген, оның шығармашылығына деген айрықша нұрлы ықылысын білдіреді. Бабыр мен Мырза Мұхаммед Хайдардың еңбектерінде Әлішердің төрт ғазалдар жинағымен қатар оның Низамиге еліктеп, бес дастаннан тұратын «Хамса» жазғанына, Әбдірахман Жәми секілді түркі тілінде

«Қырық хадис» кітабын жазғанына, замандастарына арнаған жазбаларын жеке жинақ етіп топтастырғанына, «Құстар тілі» кітабы, сонымен қатар «Өлең мөлшерінің таразысы» секілді теориялық еңбегі барына, парсыша да жыр жазғанына, музыкада да оның тамаша нақыштары мен пишравтары болғанына назар аударылды. Бабырдың жазбаларында Әлішердің ғылым мен өнер адамдарына деген көзқарасы да айрықша ізгі, игілікті болғаны баяндалды. Авторлардың Әлішер бек сияқты ғылым мен өнер адамына қамқорлық жасап, жанашырлық еткен пенде бұрын-соңды болмағаны туралы [4,184; 6, 255-256] пікірлерінде разылық та, құрмет те бар.

Мырза Мұхаммед Хайдар Әлішер туралы екі айрықша пікір айтады. Оның бірі Әлішердің шыққан тегіне байланысты. Шығармашылық өмірінде түркі тілін шексіз сүйіп, құрметтеп өткен данышпан ақынның тегі де түркі болған [6, 255]. Екінші пікір Әлішердің мінезіне байланысты. Ақын өз заманының аса білімді, ақыллы алғыр, мінезі көркем және өте сезімтал дара тұлғасы болған. Қоластындағы бағыныштыларынан да ақылдың алғырлығын, мінездің көркемдігін, сезімталдықты талап етеді екен [6, 256]. Ақынның шығармашылығы, қоғамдық және мемлекеттік қызметі, шыққан ортасы туралы Мұхаммед Хайдар Дулат жазып қалдырған мәліметтер мен пікірлердің де құндылығы зор.

Әлішер Науаи қоғамдық санада, халық тағдырында, ұлт өмірінде сөз өнерінің, тіл мен әдебиеттің алатын орны мен атқаратын қызметі жайында өз заманы үшін әлеуметтік маңызы зор, үлкен ойлар айтты. Салыстырмалы әдебиеттанудың асқан білгірі В.М. Жирмунский Науаидың екі тіл туралы толғаныстарын Ренессанс дәуірінің алыптарының пікірлерімен, Дантениң итальяндардың сөз өнері, Иоахим Дю Белленің француздардың тіл өнері туралы трактаттарында негізделген өркенді ойларымен парапар бағалады [7,177]. Науаидың екі тіл туралы трактатында баяндалған осы ойлардың бүгінгі заманымыз үшін де пайдалы, ғибратты мәні бар.

Әлішер Науаидың «Екі тілдің сыны», «Өлең өлшемінің таразысы» секілді сөз өнері, тіл мен әдебиет туралы ойлары мағынасы жағынан терең, ғылыми мәні жағынан маңызды, суреттілігі жағынан әсерлі. Көркем әдебиеттің, әдеби тілдің ең бір күрделі, іргелі мәселелері жайын пайымдауда ойдың бейнелілігінен дәлдігі, дәлелділігі аса маңызды екенінде сөз жоқ. Ал Әлішер Науаидың әдебиет, тіл туралы ойлары образды, сөзі суретті болып келеді. Сөйте тұра ол өз ойларының өзегіндегі мағынаны барынша түсінікті, ұғымды, дәйекті, дәлелді жеткізеді.

Ақынның айтуынша, сөз – асыл тас. Асыл тас теңіздей тереңде жатады. Ол тереңнің аты –

жүрек. Жүрек – ірілі-ұсақты барлық ойдың мекені. Сүңгуірдің тереңнен теріп алып шыққан асыл тасының бағасы күн астына шыққанда ашылатын болса, сөз асылын жүректің тереңнен ер данасы ғана алып шығады және оның мәні мен әрі бағасына қарай белгілі болады. Асыл тастың бағасы әрқалай: бір дирхемнен жүз тұманға дейін. Егер асыл тасты одан дертке дауа болар дәрі жасау үшін сатып алатын болса, онда оның мыңнан бір мысқалының бағасы бір дирхем болмақ. Ал сол асыл тасты патша тәжінің маңдайына тақса, онда оның бағасы бүкіл елдің байлығымен парапар болмақ, байлық біткеннің бәрімен тең болмақ. Сөз асылына келетін болсақ, оның құнына баға жетпейді. Өйткені оның ізгі нұры жансыз тәнге қасиетті рух салады, оның қара күші жайнап тұрған өмірді көктей солдырады [3].

Науаидың сөзінің мәні, ойының сарыны түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы құндылықтармен арналас. Қазақ халқының тіл туралы даналық сөздерінің байырғы үлгілері мен Науаидың тіл туралы ойларының арасында көп айырмашылық жоқ. Науаидың ойларының түпнегізінде түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының рухани даналық сөздерінің сарыны бары анық байқалады.

Ақын тіл өнері жайындағы ойын жалғастыра отырып, сөздің бірден-бір қызметі тиісті мағынаны білдіруінде екендігін айрықша атап көрсетеді. Сөйлеудің мақсаты да белгілі бір мағынаны жеткізуде екендігі туралы тұжырым жасайды. Ал белгілі мағынаны кемел жеткізуде әлем халықтары тілдерінің ішінде араб тілінің орны ерекше жоғары екендігін ақын Құран аяттарының биік мағынасымен түсіндіреді. Автордың трактатында араб тілінен кейін үш тіл аталады: түркі; парсы; хинди. Үш тіл Нұх пайғамбардың үш баласынан тараған үш халықтың тілі екендігі байырғы әдебиеттердің бірқатарында баяндалған. Науаи да осы арнада ой таратады. Трактатта тіл ерекшеліктеріне қатысты пікірлер түркі және сарт халықтарының болмысы хақындағы байқаулармен ұласады. Тілдің ерекшелігі сол тілде сөйлеуші халықтың табиғатымен тамырлас пайымдалады. Сарттарға қарағанда, түркілер әлдеқайда пайымды және өте ұғымтал, ізгі болса, түркілерге қарағанда, сарттар білімге, ақыл байытуға ықыласты, өздерін үлкен және ғылыми ойларда тиянақты көрсетеді екен. Мұның мәнісі түркілердің шынайы, ізгі және адал ниетімен, сарттардың білімге, ғылымға, ақылға ықыластылығымен байланысты сипатталады. Солай дегенмен де тілдің артықшылығы мен олқылығы әр түрлі екендігі ескеріледі. Сөз сөйлеуге, ой айтуға келгенде, түркілер сарттардан асып түсетіні трактатта айқын көрініс тапқан. Автордың байқауынша, бұл екі ел бірнеше буын

ұрпақ болып бір-бірімен араласып кеткен, олар бір-бірімен еркін сөйлеседі және бірін-бірі кедергісіз түсінеді. Түркілердің бәрі – жасы мен кәрісі, бегі мен қызметшісі сарттардың тілін түсінеді, ал олардың кейбіреулері бұл тілде шешен және жатық сөйлейді. Түркі ақындары парсыша тамаша өлең мен келісті көркем сөз жазған. Ал сарттардың зиялысы мен ғалымдары да, қарапайым халқы мен надандары да – ешқайсысы да түркіше түсінбейді, түркіше сөйлей алмайды. Тіпті жүзден немесе мыңнан бір сарт түркі тілін үйреніп, түркі тілінде сөйлейтін болса, онда оның сарт екені кез келген түркіге белгілі болып тұрады. Науаи екі тілде сөйлейтін екі жұрттың тіл аралық қарым-қатынасының ерекшеліктеріне тән белгілерді осылай жүйелейді. Осыдан келіп трактат авторы түркілердің, табиғаты жағынан, сарттарға қарағанда зейінділігінің басымдығын анықтайды. Осы айтылған ойлардың арнасында негізделетін ерекше бір тұжырым бар. Ол тұжырым сарттардың түркі тілін үйренуге олақтығының себебі түркі тілін жасаушылардың сөйлеу өнерін ұдайы жетілдіріп отырғаны, білімпаз адамдар түсіндірмесе, түсіну мүмкін болмайтын жекелеген ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер жасап отырғаны жайында. Осы тұжырымына тиянақ ретінде жүз етістікті мысалға келтіру автордың тұжырымының дәлелділігін, негізділігін, айқындығын хәм түсініктілігін толық қамтамасыз еткен.

Жүз етістікке қатысты ескеретін мынадай бір жай бар: автор өзінің трактатында тізіп беріп отырған етістік сөздердің бір де біреуі сарттардың тілінде кездеспейді және сарттардың тілінде олардың мағынасын білдіретін лайықты сөз жоқ екен. Трактат авторы түркі тілінде мұндай сөздердің молдығын және оларды басқа тілге аударудың мүмкін еместігін түркі поэзиясының үлгілері негізінде жасаған талдаулары арқылы көрсетеді. Трактаттың ой желісінен олардың мағынасын парсы тілінде берудің де мүмкіндігі жоқтығы аңғарылады.

Автор түркі тіліндегі етістік сөздердің мағыналық жағынан жақын, синонимдік қатарын өзара салыстырып, олар беретін ортақ мағынаны біртіндеп күшейтудің жолдарын таразылайды. Оның мәнісін автор пайдаланған мысалдардан аңғаруға болады.

Ул ойки, кула-кула, кироглатти мени,
Йиглатти мени демайки, сиктатти мени [1].

Та луна, что меня отстранила, смеясь,
Заставила меня не то чтобы плакать,
а даже стонать [3].

Берілген мысалдан автордың талдау пәні ретінде таңдап алып отырған сөздері – «йиглатти» және «сиктатти». Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқа-

лары – «жыла-т-ты», «сықта-т-ты» («йиглатти» – «жылатты», «сиктатти» – «сықтатты»). Екі етістік те кісінің ішкі күйінде болып жатқан процестерді білдіреді. Көзбен көріп, қолмен ұстағандай заттылық, нақтылық жоқ. Екі сөз де қазіргі қазақ әдеби тілінің қорында бар, ескірмеген, мағынасы көмескіленбеген, қолданудағы сөздер. Ақыл-ой дамуының бүгінгі даму деңгейінде ізденгеннің өзінде, басқа тілге «жылауды» аударуға болғанмен, «сықтауды» аудару оңай емес, оның мағынасын беретін сөз орыс тілінде жоғы рас, «стонать» «сықтау» мағынасын дәл бере алмайды. Осы сөздермен мағыналық жағынан бір топтағы «укурмак» («өкірмек») сөзінің мағынасын айқындау мақсатында автор мынадай мысал келтіреді:

Ишим тог узра хар ён ашк селобини сурмакдур,
Фирок ошубидин хар дам булут янглиг
укурмакдур [1].

Мое занятие состоит в том, чтобы, стоя на горе,
Проливать во все стороны потоки слез [3].

Алдыңғы жолы сарапталған «йиглатти» – «жылатты», «сиктатти» – «сықтатты» етістіктеріне енді «укурмакдур» – «өкірмек» қосылып тұр. Соңғы сөздің мағынасының эмоциялық реңі алдыңғы сөздердің мағыналық реңдерінен әлдеқайда күшті. Автордың байқауынша, бұл сөздің таңғажайып мағынасын дәл бере алатын сөз парсы тілінде мүлде жоқ екен. Түркіше жасанмоқ (жасанбақ), безанмоқ (безенбек) сөздерінің мағыналарын саралай отырып, ақын алдыңғы сөзден кейінгі сөздің мағыналық реңкі күшті екенін, мұндай сөздің өзі де, онымен мәндес, мағыналас сөз де сарт тілінде жоқтығын көрсетеді. Түркі тілінің әдеби қорында бар, түркі поэзиясында кеңінен қолданылып жүрген, бірақ сарттардың тілінде, парсыда жоқ мұндай сөздер туралы Науаидың сипаттамалары мен пікірлерінің ғылыми маңызы зор екені анық. Ақынның назар аударатын мәселелерінің енді бірі – түркі тіліндегі әр сөздің мағынасының байлығы, көп мағыналылығы. Талдаулар мен сараптауларға қарағанда, түркі поэзиясында бір сөздің әр түрлі мағыналарын түрлі ахуалға қатысты пайдалану айрықша стильдік тәсіл болғанға ұқсайды. Түркі тілінде бұл кеңінен пайдаланылып, ақынның өлеңінің көркемдік кестесін, бейнелілігін, әсерлілігін арттыруға қызмет ететін болса, мұндай стильдік тәсіл жасауға парсы тілінің көркемдік-бейнелеу мүмкіншілігі жетпейтін болып шығады. Автор осы ойын дәлелдеу үшін «ат» сөзінің түркі өлеңінде түрлі мағынада және қара өлең ұйқасының тәртібімен ұйқасушы тармақтардың соңғы бунақтарында қайталанып, ұйқас түзуші қызмет атқаратынына көңіл бөледі. «Ат»

сөзі бірінші жолы ат, есім мағынасында қолданылады, екінші жолы мініс көлігі, жүйрік жылқы, тұлпар ат мағынасында қолданылады, үшінші жолы бұйрық райында айтылған етістік сөз беретін (тас ат, оқ ат) мағынада қолданылады. «Көк» сөзі беретін мағыналар қатарын зерделегенде де, автор түркі тілінің орамдылығына, жаңа мағына тудыру, жаңа сөз жасау жолдарының табиғилығына үлкен мән береді. Мысалға алынған осы сөздердің үш не төрт түрлі мағынада қолданылуы қазіргі қазақ әдеби тілінде де сақталған және еркін, әдеттегідей қабылданады. Әлішер Науаи тұсындағы түркі поэзиясында бір сөздің түрлі мағынада қолданылып, өлеңнің ұйқасын түзуінде сөздің де, өлеңнің де, ақынның ойының да көркемдігі мен өткірлігін, әсерлілігін арттыратын ерекше қуат болғанға ұқсайды. Трактатта үш, төрт, бес түрлі мағынада қолданылатын сөздердің тобына сипаттама беріледі. Үйректің түрлеріне байланысты атаулар санын автор жетпіске жеткізеді. Үйректің осы жетпіс түріне байланысты түркі тілінде қалыптасқан осы жетпіс сөз беретін жетпіс түрлі мағына парсы тілінде бір-ақ сөзбен аталып, бір-ақ мағынамен сипатталады екен. Мұндай сөздер түркі тілінің өзіне ғана тән байлығын білдіреді. Жеке сөздер деңгейіндегі мұндай мағыналық байлық парсы тілінде жоқ. Түркі тіліндегі сөздердің осындай мағыналық байлығының шығу төркінін автор тағы да тілді жасаушылардың айрықша табиғатымен байланыстырады: олар таңғажайып ойлар мен ұғымдарды білдіру үшін сөздің мағынасындағы өте нәзік реңктерді де ескерген.

Әлішер Науаи араб тілінің морфологиясында бір істі, бір қимылды білдіретін бір сөз іс, қимылдың екі иесін қатар білдіретінін көрсетіп, парсы, түркі тілдерінің осындай мүмкіншіліктерін салыстырып таразылайды. Сонымен қатар автор араб тілінде екі қимылды және екі қимыл иесін қатар білдіретін етістік түріне назар аударады. Парсы тілінің жүйріктері сұлу, сәнді сөйлеуге бар болғанмен, бір не екі қимылды оның екі орындаушысымен бір мезгіл аясында бірдей, қатар көрсетуге жоқтығына көз жеткізеді. Пікіріне мысал ретінде мынадай сөздерді келтіреді: *топишмоқ* – табыспақ [тап(б)-ыспақ]; *кучушмоқ* – құшыспақ [құш-ыс-пақ]; *утушмак* – өбіспек [өп(б)-іс-пек].

Ақын түркі тілінің шеберлері қимылды білдіретін сөзге бір әріп қосып, тиісті мағына тудырып, көздеген мақсатына оп-оңай жететіні және араб тіл өнерінің майталмандары көрсеткен шеберлік үлгісін көрсететіні жайында маңызды, ғылыми мәні терең пікір түйеді. Бұл пікірін де автор нақты мысалдармен тиянақтап, бекіте түседі: ашерт – жасырт; югурт – жүгірт. Науаи

зерттеп отырған сөзжасам үлгісі қазіргі қазақ тілінде мейлінше кең тараған, өнімді үлгілер қатарына жатады.

Түркі тілінің трактатта көрініс тапқан ерекшеліктері қатарында көңіл аударатын тың мәліметтердің бірі белгілі бір істі атқаруға асығу, асықтыру реңкін білдіретін сөздердің жасалу тәсілдеріне байланысты. Бұл ретте мынадай сөздердің тобы таңдалады: билакур (білегөр), килакур (келегөр), кетакур (кетегөр), етекур (жетегөр). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздердің де қолданылу аясы тарылмаған. Трактатта көрініс тапқан осы секілді тілдік құбылыстардың мәнісі жайындағы ойлардың түркі халықтарының қазіргі тіл білімі үшін де ғылыми маңызы бары анық.

Трактатта түркі тілінде болған, бірақ түркі халықтарының қазіргі тілінде, солардың ішінде қазақ тілінде қолданылмайтын, қазақ тілінде сөйлеушілердің есінде жоқ кейбір сөздердің мәні ашылады. Мысалы, түркі тілінде доңыздың еркегін «қабан», ұрғашысын «мегежін», ал олардың тумасын «чурпа» дейтіні, сарттар болса қабанды да, мегежінді де, чурпаны да «хук» немесе «гуроз» деп атайтыны туралы мәліметте бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін тың, бұрын белгісіз болып келген жай бар. Ол бірінші кезекте «чурпа» сөзіне байланысты. Сонымен қатар үйрекке қатысты түркі тілінде жетпіс түрлі атау бары туралы мәлімет те қазіргі қазақ тіл білімі үшін маңызды.

Трактат авторы араб, парсы, түркі тілдерінде сөз түрлендіру және сөз тудыру жолдары туралы тарихи маңызы бар ғылыми ойлар ұсынып, тұжырымдар жасайды. Түркі тілінің сөз байлығын жоғары бағалай отырып, қайбір сөздердің мағынасы түрлі жағдайларға, сөздің қолданылу жолдарына байланысты мейлінше түрлі мағына білдіретініне, олардың реңкі мейлінше нәзік болып келетініне көңіл аударады. Тіпті түркі тілінің осы бір ғажап байлығы, кемел ерекшелігі, автордың ескертуіне қарағанда, оған дейін ешкімнің назарына ілікпеген еді, анықталмаған еді. Туған тілінің тұнық тереңіне бойлай алмаған түркі жастарының өз өлеңдерін түркі тілінде жазуды қиынсынып, парсы тілінде жазуды оңай көруінің бір себебі осыдан болды. Шындығына келгенде, автордың кісі бойын ақылға билетіп, ойына ие болған жағдайда, түркі сөзінен керемет кең кеңістік табылатыны, оның алдынан кең байтақ өріс ашылатыны туралы тұжырымында терең мән жатты.

Науаи түркі тілінің кемелдігіне толып жатқан дәлелдер келтіре отырып, бірнеше әлеуметтік маңызы зор ұсыныстар негіздейді. Олардың бастылары түркі халықтарынан шыққан дарын иелеріне арналады:

- өздерінің қабілеттері мен таланттарын өз тілінің дамуына жұмсау;

- өзге тілдерде жазбау және өзге тілде жазуға талпынбау;

- екі тілде де жазуға қабілетті болған жағдайда өз тілінде көп жазу, өзге тілде аз жазу;

- өзге тілде жазуға деген ынтасы соншалық күшті болса, екі тілде бірдей жазу...

Науаидың ұсыныстарының өзектілігі, көкейкестілігі бүгінгі күнде де жойылған жоқ. Автордың көңілін қатты алаңдататын жай – түркі халқының ортасынан шыққан талант иелерінің өлеңдерінің көркемдік деңгейі. Осы орайда автор түркі ортасынан шыққан таланттардың арасындағы мынадай келеңсіз үрдістер барына назар аударады:

- сарт тілінде жазу;

- түркі тілінде мүлде жазбау;

- көпшілігінің өз (түркі) тілінде жаза алмауы;

- түркі тілінде жаза қалса, жазған өлеңдерін білікті түркілердің алдында оқуға түркі тілінде өлең жазған сарттар секілді тартыншақтау...

Автор жоғарыда аталған үрдістердің себептерін де көрсетеді. Олардың бастылары мынадай:

- олар өз өлеңдерін түркі тілінде оқи бастаса, әр сөзінен жүздеген кемшіліктер, әр сөйлемінен жүздеген қателіктер шығар еді;

- олар үшін өз (түркі) тілінде келісті өлең жазуы өте қиын;

- түркі тілінде жазуға ниет қылғандар аздан кейін қиындыққа шыдай алмай, жеңіл жол іздейді;

- өлең жазуды жанадан бастаған жастар жазғандарын жұрт алдында тезірек оқып, тезірек жарқ етіп көрінгісі келеді;

- өлең өнеріндегі белгілі кісілердің бәрі парсы тілді және түркі тілін білмейтін болған соң, жастар өз өлеңдерін түркі тілінде жазудан тыйылып, парсыша жазуға бет бұрады...

Түркі тілінің парсы тілінен артықшылығына, тазалығы мен байлығына қарамастан, өлең өнерінде кеңінен қолданылмауы, тіпті қараусыз қалғандай болуы Науаиды қатты толғандырады.

Науаи жасөспірім кезінде, өз ортасында қалыптасқан әдетке байланысты, парсы тіліне көңіл бөлген. Ақыл тоқтатып, кәмелетке толғанда, оның табиғатындағы айрықша қасиеттер кемелдене түседі, түркі тілінің таңғажайып нәзік және күрделі сырларына қаныққанда, алдынан он сегіз мың ғаламнан артық болмаса, кем түспейтін тұтас бір әлем сыры ашылғандай болады. Сол әлемнен жақұтының жарқылы жұлдыздардың жарығынан да өткір бай қазына табады, гүлінің ажары аспан жарықтарынан да ашық гүлбақшаға кез болады. Бірақ бұл қазына мен гүлбақшаның ажары мен көркіне көз жеткізгенмен, қол жеткізу қиын еді. Түркі тілінің бай

қазынасынан, сан түспен құлпырып жайнаған гүлбақшасынан ақын қалағанын табады. Ол көзіне түсіп, көңіліне көшкен осы қазына-байлықтың игілігін елге көрсетеді. Осы игіліктердің қатарында ақынның қаламынан «Балалық базары» («Гаройбус-сигар»), «Жастық жарқылы» («Наводируш-шабоб»), «Жігіттік жемістері» («Бадоеул-васат»), «Қарттық ғибраттары» («Фавоидул-кибар») секілді жыр жинақтары туады. Төрт жинақ ақынның атын шығарды, түркі поэзиясының жарығы мен жарқылының салтанатын әлемге танытты. Осыдан кейін ақын, «Екі тілдің сыны» трактатында көрсеткеніндей, Низами мен Дехлеvidің хамсаларына жауап ретінде өз «Хамсасын» жазуға ниет етеді. Бұл белгілі бір тақырыпта, белгілі сюжеттер мен образдар негізінде ақындық өнер жарыстырудың дәстүрлі үлгісі еді. «Хамсаның» бірінші дастанының («Хайратул-аброр») жазылуына Низамидің шығармашылығы («Махзанул-асрор») әсер етеді, екінші дастанының жазылуына («Фарход ва Ширин») Мир-Хұсырау Дехлеvidің өнегесі («Ширин ва Хосров») түрткі болады, үшінші дастанының («Лайли ва Мажнун») жазылуында да осы авторлардың көркемдік кестелерінің өрнегі өнеге береді, төртінші дастанды («Сабъаи-Сайёра») жазарда автордың көзі Ашрафтың «Жеті кереметіне» түседі, бесінші дастанды («Садд-и Искандари») жазарда Жәmidің «Даналық кітабынан» («Хираднома») қолдау табады. «Хамса» құрамындағы әр дастанның жазылуы белгілі бір автордың белгілі бір шығармасының айрықша қасиетінің әсерімен байланыстырғанмен, ақын Низами мен Дехлеви көрсеткен бағыттан жаңылмайды. Жас кезінде өзі қатты сүйсініп, қызығып оқыған Ф. Аттардың «Құстар тілі» кітабынан алған әсерінің ізімен «Құстар тілі» деген кітабын аяқтайды. Автор Низами, Дехлеви, Ашраф, Аттар, Сағди, Жәми, Хафиз секілді алуан-алуан жүйріктердің шығармаларында көрініс тапқан сюжеттер мен образдарды, сарындарды жетілдіріп, дамытып, жаңаша пайымдап, нәтижесінде мазмұн жағынан да, пішін жағынан да теңдесі жоқ ғажап поэзиялық туындыларды дүниеге алып келді. Н.И. Конрад Науаидың шығармашылық өнерінің осы ерекшелігі негізінде мынадай пікір білдірді: «Біреудің шығармасын өзге тілде жазып шығу ол кездерде шығармашылық, тіпті еркін шығармашылықтың үлгісі еді» [9, 344]. Бұл пікірдің дұрыс жағы бары рас. Сонымен бірге мынаны ескеруге тура келеді: Науаидың басқалардың шығармаларын өз тілінде жырлағаны жайындағы пікірге абай болған дұрыс. Шындығында, Науаидың «Хамсасында» көрініс тапқан образдарды, сюжет желілерін, оқиғалар тобын белгілі бір авторға телудің реті жоқ. Өйткені

олар әуелі ел ішінде ауызша айтылып, тараған. Оларды белгілі бір автор өз шығармасында өз тұрғысына сай пайдаланған. Осындай ел ішінде кең тараған сюжеттік желілерді жазбаша жырлаудың негізінде ақындардың шығармашылық жарысы, өнер жарыстыруы да бар еді. Науаидың өзіне дейінгі ақындармен өнер жарыстыруында ерекше шығармашылық ұстаным болды. Ол өзге тілде жазылған шығармалардағы белгілі, дәстүрлі тақырыпты, оқиғалар желісін, образдар жүйесін өз тарапынан жаңартып, толықтырып, байытып жырлады. Екіншіден, белгілі бір тақырыпта хамса жүйесінде өзге тілде жазылған келісті шығармаларға қарағанда түркі тілінде олардан асып түспесе кем түспейтін, көркемдігі кемел туындылар жазуға болатынына көз жеткізуді мақсат еткен еді. Ақын бұл мақсатына жетті.

Автор екі тілдің сыны туралы трактатында «Хамса» атымен топтастырылған тамаша бес поэмасының өнер сүйер көпшіліктің ыстық ықыласына бөленгенін қанағат тұтып қала бермей, шығармашылық ізденістерінің өрісін кеңейте бергеніне назар аударады. Осы ізденістерінің нәтижесінде «Таңдаулы тауарихын» («Зубдатуттаварих») жазып, өмірден өткен сұлтандардың атын тірілтіп, көркем бейнелерін жасады, «Махаббат самалын» («Насоимул-мухаббат») жазып, әлемді әділет жолында болғандардың қасиетті рухының сәулетімен әрледі, заманының белгілі ақындарының шығармашылық өмірінің өнегесін «Зиялылармен мәжіліс» («Маджалис ан-нафа'ис») кітабында баяндады, «Сүйген жүрек» кітабында қоғамдық, әлеуметтік ойларын, философиялық көзқарастарын жинақтады, өлең өлшемдерінің теориясы туралы «Өлең өлшемінің таразысы» («Мезонул-авзон») атты еңбегін, басқа да шығармаларын жазды. Аталған шығармалардың тобында ақынның «Қырық хадис» кітабы ерекше дараланады. Онда Мұхаммед пайғамбардың (Ғ.С.) хадистерінен таңдалып алынған қырық хадистің әрқайсысының ғибраты төрт жол өлеңде өрнектеледі.

Ақын өз шығармаларының көркемдік қасиетін жоғары бағалап, олардың жарығы мен жарқылы өнер көгінің ең биігінен көрінетіні туралы пікір түйеді. Автор бұл пікірінде ешқандай асыра сілтеудің жоқтығын арнайы ескертеді, өзінің түркі тілін құлай сүйіп, парсы тілін жетік білмейтіні себепті осындай пікір білдіргені туралы күдіктенушілер болуы мүмкіндігін де ескереді. Мұндай жандарға ол парсы тілін өзінен жетік білетін, парсы тілінің байлығы мен тазалығын ғана емес, оның ең бір нәзік қырларын да өзінен артық білетін адамның жоқтығын батыл айтады. Мұндай кемел деңгейге жетуінің сырын ақын өзінің сөз өнеріне жастайынан құмарлығымен,

сөз өнерінің келісті үлгілерімен жасынан жете таныс болуымен сабақтастырады. Оқуға лайықты шығармалардың ішінде өзі зейін қойып оқымағандарының аздығын, ал Дехлеvidен, Хафизден, Жәмиден көл-көсір саз бен сыр, ой мен сезім қазынасын, шеберлік үлгісін тапқанын жазады. Өз ойларының ажарын аша түсу мақсатында автор Дехлеvidің мына бір даналық сөзіне назар аударады: «Егер менің жүз мыңнан астам бәйіттен тұратын жинағымдағы (диванымдағы) ғазалдар, бәйіттер, қасыдалар бақидың бетінен ғайып болып, дүниенің жүзінен жуылып кетіп, тек бір қасыдам қалса, онда соның толықсыған мәні ғылым адамдарының менің қадір-қасиетімді лайықты бағалауына жеткілікті негіз болмақ». Ақын Дехлеvidің шабытпен, сезім құшағында отырып айтқан осы сөзінен үлкен әсер алады. Сол әсердің түрткі болуымен өзін-өзі сынға салады. Науаи Дехлеvidің бір шығармасындағы қасыданың екі жолын мысалға келтіреді. Оның мағынасы мынадай болып келеді: *Шахтың барабанының іші бос қуыс, бірақ оның даңғырынан бас ауырады. Кім азға қанағат ететін болса, жер мен судың қожайыны – сол.* Науаи Дехлеvidің қасыдасының осы екі жолына орай Жәмидің бір шығармасында тектес екі жол өлең барын көрсетеді. Оның мәнісі мынадай: *Падишахтың сарайының төбесіндегі әшекей тістер Сатурн сарайынан биік, бірақ одан иман қамалының қабырғаларына жарықшақ түседі.* Екі ақынның шығармаларының жүйесіндегі осы ойлардың маңызын аша отырып, ақын өзінің бір шығармасынан («Тухфатул-авқар») екі жол өлең келтіреді. Ол мынадай мағынада: *Падишах киген тәжге сән беріп тұрған шоқтай рубин – балқыған көмір, оның басындағы шикі ойларды сол пісіреді.*

Ақынның ой сарабынан өткен өлең жолдары, Дехлеви айтқандай, өлең біткен өшсе де өшпейтін ақындық даналық үлгісі туралы ойдың аясында пайымдалған. Ақындық өнердің өшпес жарығын автор осы жолдардағы ойлардың теңдессіз тереңдігімен шендестіріп сипаттайды.

Науаи өзінің қаламынан туған өлең жолдарын көкке көтеріп, оны мақтауда сыпайылық сақтағанын айтады. Негізі, өзінің қабілетін, ақындық артықшылығын тануға, бағалауға келгенде, ақын тартынып қалмайды, ашық айтады, бейнелеп, әсірелеп айтады. Бірақ шындықтан таймайды, өзі айтып отырғандай, сыпайылықты да сақтайды. Жақын туысқандарының өлең өнеріне жақындығы, дастарқан басында, басқа жерлердегі басқосуларда олардың өзге ақындармен бірге жазған өлеңдерін жатқа оқулары оның сөз өнеріне деген құштарлығын ерте оятып, бойындағы ақындық қабілеттің ерте жетілуіне ықпал етті. Үш-төрт жасында-ақ қонақтардың ал-

дында жатқа өлең айта бастағанын ескергенде, ақынның өз өнері жайында ашық айтқан сырларында ешқандай асыра сілтеушіліктің жоқтығына көз жеткізуге болады.

Науаидың екі тілдің сыны туралы трактатында түркі әдеби тілінің сөздік қорының байлығы, сөз тудыру тәсілдерінің көптігі, тіршілікте, тілдік қарым-қатынаста аңғарылған әрбір нәзік мағынаны білдіретін арнайы жаңа сөз жасау мүмкіншілігінің молдығы жайында маңызды, ғылыми мәні терең пайымдаулар жасалды, жеткілікті деңгейде дәлелденген тұжырымдар негізделді.

Ақын өзінің ғибрат сөздерінде әрбір иман ұялаған жүреkte ар-ожданның болатынын, ар-ождан бар жерде иманның тұратынын айтты. Кімде иман болмаса, онда ар-ождан да болмайды, ал кімде бұл екеуі бірдей болмаса, онда адамшылық та болмайды деп білді [13]. Осы ұстаным, осы тұрғы оның шығармашылығына да кемел қасиет дарытты. Мұндай биік көзқарас, шығармашылық даналық Науаидың иманы берік, ар-ожданы таза, адамгершілігі үлкен ұлы тұлға болғанын білдіреді.

Әлішер – кемел шығармашылық тұлға. Әлішер бектің түркі тілінде жазған теңдессіз тамаша шығармалары, ойлары мен толғаныстары – түркі халықтарының ортақ игілігі. Әлішер Науаи – түркі тілі мен әдебиетін жаннан артық ардақтаған, аялаған, түркі тілі мен әдебиетінің

дамуына өлшеусіз зор үлес қосқан данышпан ақын. Ол – түркі халықтарының ортақ мақтанышы.

Әдебиет

1. Алишер Навоий. Мукамал асарлар туплами. 20 томлик (1987-2003) // <http://navoi.natlib.uz/>
2. <http://www.alishernavoiy.ru/index.php>
3. Навои. Филологический трактат «Суждение о двух языках» / перевод А.Мелеховой // <http://www.tyurk.ru>
4. Бабур-наме. Записки Бабура. – Ташкент, 1993.
5. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама / орыс тілінен аударған Б. Қожабеков. – Алматы, 1990.
6. Мырза Мұхаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент, 1996.
7. Бертельс Е.Э. Новои // Бертельс Е.Э. Избранные труды. Навои и Джами. – М.: Наука, 1965. – С.13-208.
8. Бертельс Е.Э. Роман об Александре и его главные версии на Востоке // Бертельс Е.Э. Избранные труды. – С. 283-416.
9. Жирмунский В.М. Алишер Навои и проблема Ренессанса в литературах Востока // Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. – Л., 1979. – С. 174-184.
10. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М., 1966.
11. Әуезов М. Әлішер Науаи // Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – ХҮІІІ том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы, 1985. – 291-301 б.
12. Стеблева И.В. О стабильности некоторых ритмических структур в тюркоязычной поэзии // Тюрклогический сборник. 1972. – М., 1973. – С. 218-230.
13. http://www.pritchi.net/PRT/Main/rus_s.html

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ



IV Қабдолов оқулары: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 421 бет.

ISBN 978-601-247-380-3

«IV Қабдолов оқулары» деген атпен өтетін дәстүрлі халықаралық ғылыми-теориялық конференция әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биыл төртінші рет өтіп отыр. Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ұжымы шығарып отырған бұл жинаққа шет елдік және отандық белгілі ғалымдар мен докторанттардың, магистранттардың зерттеулері еніп отыр.

Конференция материалдарының жинағына енген мақалаларда әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері бүгінгі ғылыми таным мен талап тұрғысынан қарастырылған. Әдебиет тарихы мен әдеби байланыстар, мәтінтанудың маңызды проблемалары мен қазіргі әдеби үдеріс мәселелері жаңаша сараланған.